

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Түркістан облысы

№11

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны, Жарығы негізінде әрекет ететін Директоры Жамалова Балжан Насирдиновна атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП SARTAY, KZ90UWQ02817196 негізінде әрекет ететін Басшысы Сартай Құрал Дүйсетайұлы атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2021-09-03» жыл № 6217373-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 800 290.00 (сегіз жүз мың екі жүз тоқсан тенге нөл тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);



4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

### **3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 24 008.70 ((жиырма төрт мың сегіз тенге жетпіс тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 24 008.70 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

мемлекеттік сатып алу веб-порталына (бұдан әрі - веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, № HSBKKZKX , KZ956010291000191840 БСК Тапсырыс берушінің банк шотына кепілдікті ақшалай жарна банк шотына кепілдікті ақшалай жарна;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;



8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

### 3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

## 4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

## **5 Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 2 дана;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

5) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы №155 бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларға (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10947 болып тіркелген) (бұдан әрі - Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалары)

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



сәйкес белгіленген тәртіпте Тауардың шыққан жері туралы «СТ-KZ» сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі беріледі.

Егер жеткізілетін қазақстандық тауарлардың көлемі екі және одан көп бірлікті құраса, онда белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шыққан жері туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларға сәйкес берілген «СТ-KZ» тауардың шыққан жері туралы сертификаттың уәкілетті ұйым куәландырған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы Тауардың шыққан жері туралы айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіпте Тауардың шыққан жері туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.



## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2021-09-29 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас



тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек



олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **12 Өзге де шарттар**

12.1 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.2 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.3 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.4 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

## **13 Реквизиттер**



Тапсырыс беруші:

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны  
Туркестанская область, г.Туркестан, Аул АЛМАТЫ, 3  
БСН 140240008595  
БСК HSBKKZKX  
ЖСК KZ956010291000191840  
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ  
Тел.: 31118  
Директоры Жамалова Балжан Насирдиновна

Өнім беруші:

ИП SARTAY  
Алматинская область, Жамбылский район, с.Каргалы, УЛИЦА Карасу, 50  
БСН/ЖСН 990922301124  
БСК CASPKZKA  
ЖСК KZ08722S000007742141  
"KASPI BANK" АҚ  
Тел.: 87058064126  
Басшысы Сартай Құрал Дүйсетайұлы

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК - банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС - қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 6217373-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>2021 қаржылық жыл</b>												
16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Жұқа ара	қолмен жасалатын, электрлі	Джигсо арасы ағаш, пластмасса және металл материалдарды кесуге арналған. Құралды әртүрлі мақсаттарда, соның ішінде дөңгелек және дөңгелек кесу үшін пайдалануға болады. Номиналды қуаты: 710 Вт Жүктеме жоқ грп: 700-3000 айн/мин Ағаштағы кесу тереңдігі: 85 мм. Салмағы: 3,9 кг. Модельдің ерекшеліктері: - Құлыпталатын қуат түймесі - Ара полотносының жылдамдығын электронды басқару - Маятникті инсультты реттеудің 4 кезеңі - Т-тәрізді ара полотносының хвостовигі - Резеңкеленген тұтқа. Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	2	30 399.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (2)	0	60 798.00
<b>2021 қаржылық жыл</b>												
16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Струбина	бұрандалы	F-тәрізді қысқыш 600*120*175 мм. Салмағы 2,45кг. Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	5	11 389.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (5)	0	56 945.00
<b>2021 қаржылық жыл</b>												



16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Бұрғы	электрлі	Бұрғы бұрағыш , номиналды қуаты 600 Вт Жүктеме жоқ айналым: 0-2500 айн/мин. Картридждің диаметрі: 10 мм. Ағаштағы бұрғылау диаметрі: 30 мм. Болаттағы бұрғылау диаметрі: 10 мм. Салмағы: 1,7 кг. Модельдің ерекшеліктері: - Тез қысылатын патрон - Жылдамдықты реттеу - Айналу бағытын ауыстырғыш - Күшейтілген магний қорытпасы редукторы - Резеңкеленген тұтқа - Белдікке бекіту - Жеңіл және ықшам. Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	3	22 768.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (3)	0	68 304.00
<b>2021 қаржылық жыл</b>												
16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Желдеткіш	тұрмыстық желдеткіш арналарға арналған	Арна желдеткіші. Кепілдік мерзімі 12 ай Ауа шығыны 1520 текше м / сағ Орнату әдісі Арналық Шу деңгейі 49 дБ Айналу жылдамдығы 2700 айн/мин Қуатты тұтыну 248 Вт Желі кернеуі 220~240 В Жиілік 50 Гц Салмағы 7 кг Корпус материалы Көміртекті болат Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	1	37 989.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (1)	0	37 989.00
<b>2021 қаржылық жыл</b>												
16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Жоңғыш	дөңгелек	Егеу, № 2, 200мм, 3 дана тегіс, жартылай шеңберлі, дөңгелек жоғары сапалы болаттан жасалған, ұзақ қызмет ету мерзімі бар және жұмыстың жоғары жылдамдығы мен сапасын қамтамасыз етеді. - Жұмыс ұзындығы: 200 мм - Керме түрі: № 2 - Материал: СТ45 - Тұтқа түрі: екі компонентті - Файл түрі: жалпақ, жартылай дөңгелек, дөңгелек - Екі рет кесу: иә. Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	10	1 389.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (10)	0	13 890.00
<b>2021 қаржылық жыл</b>												
16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Металл өңдеуге арналған білдек	салыстырғыш	Шағын бұрғылау машинасы. Электр түрі Желі кернеуі, В 220 Жиілігі, Гц 50 Тұтынылатын қуат, Вт 350 Бұрғылаудың Макс. диаметрі, мм 13 Жылдамдық саны 5 Шпиндель айналымдарының саны, айн / мин 580-2650 Шпиндель жүрісі, мм 60 Кері жоқ Rpm реттеу бар Салмағы, кг 18. Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	1	45 589.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (1)	0	45 589.00
<b>2021 қаржылық жыл</b>												
16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Көрсету аспабы	оқу процесі үшін	Тұғыры бар "Ажур" ағашына жағуға арналған электр аспаптары, жиынтықта 2 проекция. Жылыту уақыты 120 сек Материал стал нихром Тұтқасы материалдық пластик Қуаты 20 Вт Кернеуі 220 В Қыздыру температурасы 450°С Қуат түрі 220 В желісі Стингердің пішіні доға тәрізді. Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	4	30 399.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (4)	0	121 596.00



2021 қаржылық жыл												
16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Қашау	жазық	Ағаш кесуге арналған 17 дана қашаулар жиынтығы (6, 17, К 2, 71, 11, 10, 33, 8, 1, 2, 4, 19, 20, 18, 17Л, 17 ПР.). Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Комплект	2	37 989.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (2)	0	75 978.00
2021 қаржылық жыл												
16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Сақиналы фрезер	типі 3ФК	Атауы: Фрезер Тамақтану: 220 В Қуаты: 1050 Вт Айналымдар: 30000 ай/мин Диаметрі: 8 мм Кескіштің максималды соққысы: 50 мм Салмағы: 3,5 кг кепілдік мерзімі 12 ай. Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	2	15 179.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (2)	0	30 358.00
2021 қаржылық жыл												
16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Итарқа	ағаш	Ағаш итарқа бметр. Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	10	2 299.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (10)	0	22 990.00
2021 қаржылық жыл												
16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Ағаш өңдеуге арналған білдек	біріктірілген	Қайрау станогы. Номиналды қуаты, Вт 350 Қайрау шеңберінің өлшемі, мм 200 Шеңбердің айналу жиілігі, айн / мин 2950 Сипаттамалары Көрсеткіш Диск қалыңдығы, мм 25 Отырғызу диаметрі, мм 32 Салмағы, кг 11.5. Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	1	30 399.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (1)	0	30 399.00
2021 қаржылық жыл												



16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Жонғыш машина	жоспарлайтын	Икемді білігі бар стационарлық Бормашина өндірістік - техникалық мақсаттағы өнім болып табылады және пайдаланылатын ауыстырмалы саптамаларға байланысты тас, асыл металл бойынша кез келген зергерлік-көркемдік жұмыстарды орындауға арналған. Қуат кернеуі: 220 В, 50 Гц. Біліктің максималды айналу жылдамдығы: 15000 айн/мин. Қозғалтқыш қуаты: 125 Вт Жұмыс режимі: қайта-қысқа мерзімді. Қозғалтқыш корпусының рұқсат етілген максималды температурасы: 60 °С. Білік ұзындығы: 91 см (36") Қозғалтқыштың өлшемдері, мм: шамамен 120x100x100. Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	2	41 749.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (2)	0	83 498.00
------------------	--	---------------	--------------	---	------	---	-----------	--	--	---	---	-----------

### 2021 қаржылық жыл

16447739-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Түркістан қаласының балалар қолөнер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Қысқыш	ағаш ұсталық	Автоматты механизмі бар тез қысылатын ағаш ұстасы бөлшектерді қарапайым және тез бекітуді қамтамасыз етеді. Құрылғы ағаш төсеніштерін бекітуге арналған тесіктері бар кең губкалармен жабдықталған, бұл үлкен дайындамаларды механикалық зақымдану қаупінсіз қысуға мүмкіндік береді. Губкалардың биіктігі-100 мм; бекіту алаңының биіктігі - 80 мм; бекіту алаңының өлшемдері - 215x115 ММ.Бұл вице бірегей жылдам әрекет ететін механизммен жабдықталған, соның арқасында олар өте ыңғайлы және өнімді. Тіркейді алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды, әдетте, вращая рукоятку сағат тілінің бағытымен бұрыңыз. Бірақ кері айналдыру кезінде губканың қозғалысы болмайды, оның орнына механизм құлыптан босатылады, содан кейін губканы еркін жылжытуға болады. Бөлікті қысу үшін тұтқаны е28094 бағытына бұру жеткілікті, механизм автоматты түрде құлыпталады. Маңызды! Жіңішке губкалар оң конвергенцияға ие, яғни толық жабылған кезде олар тек жоғарыдан жанасады. Бұл дизайн ағаш дайындамаларын сенімді бекітуді қамтамасыз етеді және ағаш ұстасы үшін оңтайлы. Жинақтау * Киски; Буып-Тую. Тауар Тапсырыс берушілермен келісілетін болады.	Дана	4	37 989.00	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Келісім шарт күшіне енгеннен кейін 15 жұмыс күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы Алматы алаңы №3 (4)	0	151 956.00
------------------	--	--------	--------------	--	------	---	-----------	--	--	---	---	------------



## Договор о государственных закупках товаров

Туркестанская область

№11

Государственное коммунальное казенное предприятие «Детская школа прикладного искусства города Туркестан» отдел развития человеческого потенциала города Туркестан управления развития человеческого потенциала Туркестанской области, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Директор Жамалова Балжан Насирдиновна, действующий на основании Устав, с одной стороны и ИП SARTAY, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Сартай Құрал Дүйсетайұлы, действующий на основании KZ90UWQ02817196, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2021-09-03 года № 6217373-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) условия поставки закупаемых товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

### 2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 800 290.00 (восемьсот тысяч двести девяносто тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

2.2 Оплата за поставленный Товар производится Заказчиком путем перечисления денежных средств на расчетный счет Поставщика не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта приема-передачи Товара.

2.3 Объем поставляемых Товаров, в количественном и стоимостном выражении оговорен в Приложении 1 к Договору.

2.4 Необходимые документы, предшествующие оплате:

- 1) подписанный Договор;
- 2) накладная;

3) акт(ы) приема-передачи товара(ов);



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

4) отчет о местном содержании в товарах (представляется после полного исполнения договорных обязательств) по форме согласно приложению 22-4 к Правилам;

5) счет-фактура с описанием, указанием количества, цены единицы и общей суммы поставленных товаров, предоставленная Поставщиком Заказчику

### **3 Обязательства Сторон**

3.1 Поставщик обязуется:

1) обеспечить полное и надлежащее исполнение взятых на себя обязательств по Договору;

